


**3 ЖАС ДАҒДАРЫСЫ БАЛАНЫҢ «МЕН»
КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ**

Рухани жаңғыру – әрбір жеке тұлға үшін оның тәрбиесі, ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухани тамырынан нәр алған құндылықтары мен оның жаһандық өзгерістерді дұрыс бойына сіңіруі дей келе, рухани жаңғыру – адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі деп білеміз. Халқымыздың дана сөзінде «Адам бір жылын ойласа – дән себеді, бар ғұмырын ойласа – ағаш отырғызады, ал ғасырлық болашағын ойласа – ұрпақ тәрбиелейді» деген ой тегін айтылмаса керек. Осыған орай, білім берудің бастапқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жоғары талаптар қояды.

Оның ішінде мектепке дейінгі шақтағы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарау, оның психологиясын түсіне білу маңызды болып табылады.

3 жас дағдарыс кезеңіне байланысты еңбек сіңірген ғалымдар



Лев
Семенович
Выготский

Лидия
Бижович

Даниел
Эльконин

Федор
Келлер





























